

Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 7 қарашадағы № 137 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі 52-бабының 4-тармағына сәйкес және 71-бабының 3-тармағын ескере отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қоса беріліп отырған:

Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу нысаны;

Кедендік баждардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының есеп-қисабын толтыру және осындай есеп-қисапқа өзгерістер (толықтырулар) енгізу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен кейін күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 4 тамыздағы
№ 137 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Кедендік баждардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының есеп-қисабын толтыру және осындай есеп-қисапқа өзгерістер (толықтырулар) енгізу ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы тәртіп кедендік баждардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының есеп-қисабын (бұдан әрі - КБЕ) электрондық құжат түрінде және қағаз жеткізгіштегі құжат түрінде толтыру, сондай-ақ осындай есеп-қисапқа өзгерістер (толықтырулар) енгізу қағидаларын айқындайды.

2. Электрондық құжат түріндегі КБЕ Еуразиялық экономикалық комиссия айқындайтын құрылымға сәйкес толтырылады.

Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 4 тамыздағы № 137 шешімімен бекітілген нысан бойынша толтырылады.

3. Бір КБЕ-де мыналар:

кедендік және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндет бір тұлғада басталғаны;

кедендік және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндет кеден органының кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын № 1 қосымшаға сәйкес есептеуі жағдайлары сыныптауышына сәйкес бір жағдайдың басталуына байланысты орындалуға жататыны;

кедендік және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндет бір мерзімде орындалуға жататыны;

кедендік және өзге де төлемдерді есептеу үшін бір күн қолданыста болатын ставкалар қолданылуы бойынша кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын (бұдан әрі - кедендік және өзге де төлемдер) есептеу туралы мәліметтер көрсетілуге жатады.

4. КБЕ-ні толтыру кезінде Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалақтар мен сыныптауыштар, сондай-ақ кеден мақсаттары үшін пайдаланылатын, Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын және қолданылуға жататын анықтамалақтар мен сыныптауыштар қолданылады.

5. Осы тәртіптің мақсаттары үшін баған деп КБЕ-нің электрондық құжат түріндегі құрылымының немесе КБЕ-нің қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі нысанының құрылымдық бірлігінің дерекнамасы (дерекнамалары) түсініледі, ол кіші бөлімдерді, бағаналарды, элементтерді қамтуы мүмкін. Осы Тәртіпке сәйкес бір бағанда бір белгі бойынша біріктірілген мәліметтер көрсетіледі.

6. Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де КБЕ-ні автоматты түрде өңдеу үшін қажетті техникалық сипаттағы мәліметтер қамтылуы мүмкін. Мұндай мәліметтерді кеден органының лауазымды адамы көрсетеді не кеден органының ақпараттық жүйесі қалыптастырады. Көрсетілген мәліметтердің құрамы электрондық құжат түріндегі КБЕ-нің құрылымында айқындалады.

Техникалық сипаттағы мәліметтер электрондық құжат түріндегі КБЕ-нің қағаздағы көшірмесін басып шығару кезінде көрінбейді.

7. Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ А4 форматындағы қағаз парақтарында жасалады.

8. Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі бір КБЕ-де бір тауардан асатын тауарларға қатысты кедендік және өзге де төлемдерді есептеу туралы мәліметтер көрсетілсе, КБЕ-нің негізгі парағына толықтыру ретінде қосымша парақтар пайдаланылады.

КБЕ-нің негізгі парағында бір тауарға қатысты кедендік және өзге де төлемдерді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі. КБЕ-нің қосымша парағында 3 тауардан аспайтын тауарларға қатысты кедендік және өзге де төлемдерді есептеу туралы мәліметтер көрсетіл.

Осы Тәртіпті қолдану мақсатында бір тауар ретінде Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына (бұдан әрі - ЕАЭО СЭҚ ТН) сәйкес 10 таңбалы кодтың біріне жатқызылған бір атаудағы (сауда, коммерциялық) тауарлар қарастырылады, ал Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінде (бұдан әрі - Кодекс) көзделген жағдайларда, кедендік және өзге де төлемдерді есептеу мақсаттары үшін тауар кодын ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес кемінде бірінші 4 таңба деңгейінде анықтауға жол берілген кезде – арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары түрінде белгіленген кедендік-тарифтік реттеудің бірдей шаралары немесе ішкі нарықты қорғау шаралары қолданылатын ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарының бір топтамасына кіретін 10 таңбадан аз таңбасы бар тауарлар қарастырылады.

Атауы бір тауарлар оларды сипаттау мақсатында сапалық және (немесе) сандық құрамына, техникалық және коммерциялық сипаттамаларына, өндірушісіне байланысты санаттарға (топтарға) бөлінуі мүмкін.

9. Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-нің бағандарында мәліметтерді көрсету үшін орын жеткіліксіз болған жағдайда, мұндай мәліметтер КБЕ-нің сырт жағында немесе қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-нің ажырамас бөлігі болып табылатын КБЕ-ге қосымша тігілетін парақтарда (А4 форматындағы қағазда) (бұдан әрі - толықтыру) көрсетіледі. Бұл ретте КБЕ-нің тиісті бағанында "Сырт жағын қара" немесе "Толықтыруды қара" деген жазба түсіріледі. Толықтырудың барлық парақтарына нөмір қойылуға тиіс.

Толықтырудың әрбір парағының жоғарғы оң жақ бұрышында "№ _____ КБЕ-ге толықтыру ___ п." деген жазба түсіріледі.

КБЕ-нің сырт жағын немесе толықтыруды пайдалану кезінде кедендік және өзге де төлемдер есептелетін тауардың КБЕ-нің 10-бағанының бірінші кіші бөлімінде "№__ тауар" деген жазу түріндегі реттік нөмір және әрбір тауар бойынша – КБЕ-нің бағанында орын жетпей қалған КБЕ бағанының нөмірі мен мәліметтер көрсетіледі. Толықтырудың әрбір парағы төменгі оң жақ бұрышында кеден органының КБЕ-ні толтырған лауазымды адамының қолы қойылып расталады.

II. КБЕ бағандарын толтыру

10. "А" бағаны мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда мынадай схема бойынша қалыптастырылған КБЕ-нің тіркеу нөмірі көрсетіледі:

1-элемент – КБЕ-ні мүше мемлекеттерде қолданылатын кеден органдары сыныптауышына сәйкес толтыратын кеден органының коды;

2-элемент – КБЕ-ні ККААЖЖ форматында (күн, ай, күнтізбелік жылдың соңғы 2 цифры) толтыру датасы;

3-элемент – КБЕ-ні тіркеу журналы бойынша берілетін КБЕ-нің реттік нөмірі (бір күнтізбелік жыл ішіндегі толассыз нөмірлеу 0000001-ден басталатынын ескере отырып) ;

4-элемент – "01" нөмірі.

Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ бағанында КБЕ тіркеу нөмірінің барлық элементтері "/" бөлгіш белгісі арқылы көрсетіледі, элементтер арасында бос орын қалдыруға болмайды

<u>XXXXXXXX</u>	/	<u>XXXXXX</u>	/	<u>XXXXXXXX</u>	/	<u>XX</u>
(1	2	3	4)	.

Электрондық құжат түріндегі КБЕ-нің бағанында КБЕ тіркеу нөмірінің элементтері КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетіледі.

11. "КБЕ" 1-бағаны мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанның бірінші кіші бөлігінде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) мыналар көрсетіледі:

кедендік әкелу баждары, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары есептелген жағдайда - "ИМ";

әкету кедендік баждары есептелген жағдайда - "ЭК".

Бағанның екінші кіші бөліміне сәйкес келетін КБЕ құрылымының дерекнамасында "ЭД" аббревиатурасы көрсетіледі. Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-ні толтыру кезінде бағанның екінші кіші бөлімі толтырылмайды.

12. "Парақтар саны" деген 2-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанның бірінші кіші бөлімінде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) КБЕ парағының реттік нөмірі көрсетіледі.

Бағанның екінші кіші бөлімінде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) КБЕ парақтарының жалпы саны көрсетіледі.

13. "Барлық тауар" деген 3-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда цифрлық тәсілмен кедендік және өзге де төлемдер есептелетін тауарлардың жалпы саны көрсетіледі.

Кедендік және өзге де төлемдер есептелетін тауарлардың жалпы саны КБЕ-нің толтырылатын 9-бағанының санына сәйкес келуге тиіс.

14. "Жағдай, төлеу мерзімі ставкаларды қолдану күні" деген 4-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда кедендік және өзге де төлемдерді есептеу жағдайы, оларды төлеу мерзімі және оларды есептеуге арналған кедендік және өзге төлемдердің ставкалары қолданылатын күн туралы мәліметтер мынадай схема бойынша көрсетіледі:

1-элемент – осы Тәртіпке № 1 қосымшада көзделген кеден органының кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу жағдайлары сыныптауышына сәйкес кедендік және өзге де төлемдерді есептеу жағдайларының коды;

2-элемент - кедендік және өзге де төлемдерді төлеудің Кодекске сәйкес айқындалған, ККААЖЖ форматындағы (күн, ай, күнтізбелік жылдың соңғы 2 цифры) мерзімі;

3-элемент - Кодекске сәйкес кедендік және өзге де төлемдер ставкалары қолданылатын, ККААЖЖ форматындағы (күн, ай, күнтізбелік жылдың соңғы 2 цифры) күн.

Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ бағанында кедендік және өзге де төлемдерді есептеу жағдайы, оларды төлеу мерзімі және оларды есептеуге арналған кедендік және өзге де төлемдердің ставкалары қолданылатын күн туралы мәліметтердің барлық элементтері "/" бөлгіш белгісі арқылы көрсетіледі, элементтер арасында бос орын қалдыруға болмайды

The diagram shows a code structure within a red-bordered box. It consists of three parts separated by slashes: XXXX / XXXXXXXX / XXXXXXXX. Below each part is a number: 1, 2, and 3 respectively. The entire structure is enclosed in parentheses: (1 2 3).

Электрондық құжат түріндегі КБЕ бағанында КБЕ тіркеу нөмірінің элементтері КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетіледі..

15. "Төлеуші" деген 5-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда осы Кодекске сәйкес кедендік және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндет басталған тұлға туралы мәліметтер осы Тәртіптің 33 – 41-тармақтарына сәйкес көрсетіледі.

Егер осы Кодекске сәйкес кедендік және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндет басталған тұлға анықталмаған болса, бағанда "Анықталмады" деген жазба түсіріледі.

16. "Ынтымақты (субсидиарлық) міндет атқаратын тұлғалар" деген 6-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Баған Кодекске сәйкес кедендік және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі ынтымақты міндетті атқаратын тұлғалар болған кезде, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кедендік және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі субсидиарлық міндетті атқаратын тұлғалар болған кезде толтырылады.

Мұндай тұлға туралы мәліметтер осы Тәртіптің 33 – 41-тармақтарына сәйкес көрсетіледі. Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де бірнеше тұлғалар туралы мәліметтер көрсетілген кезде, әрбір тұлға туралы мәліметтер жаңа жолдан 1-ден бастап реттік нөмірі қойылып көрсетіледі.

Егер мұндай адам туралы мәліметтер анықталмаған болса, баған толтырылмайды.

17. "Шыққан елі" деген 7-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда әлем елдері сыныптауышына сәйкес кедендік және өзге де төлемдер есептелетін тауарлардың шыққан елінің қысқаша атауы көрсетіледі.

Егер кеден органында болатын құжаттарда тауарлардың шыққан нақты елі туралы емес, тауарлардың Еуропалық Одақтың аумағынан шыққаны туралы мәліметтер қамтылған болса, бағанда "Еуроодақ" деген жазба түсіріледі.

Егер КБЕ-де әртүрлі елдерден (елдер тобынан, кеден одағы елдерінен, өңірінен немесе елдің бір бөлігінен) шыққан бірнеше тауарларға қатысты кедендік және өзге де төлемдер есептелсе немесе тым болмаса бір тауардың шыққан елі белгісіз болса, бағанда "Әртүрлі" деген жазба түсіріледі.

Егер кедендік және өзге де төлемдер есептелетін барлық тауарлардың шыққан елі белгісіз болса, бағанда "Белгісіз" деген жазба түсіріледі.

18. "Жалпы кедендік құн" деген 8-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда КБЕ-нің 17-бағандарында көрсетілген шамаларды қосу жолымен алынған кедендік және өзге де төлемдер есептелетін тауарлардың жалпы кедендік құны Кеден органы КБЕ-ні толтыратын мүше мемлекеттің валютасында көрсетіледі. Жалпы кедендік құнның алынған мәні математика қағидалары бойынша үтірден кейінгі 2 таңбаға дейінгі, ал Армения Республикасында тұтас шамаға дейінгі дәлдікпен дөңгелектенеді.

19. "Тауардың сипаттамасы" деген 9-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда:

кедендік және өзге де төлемдерді есептеу;

тауарды сәйкестендіру;

тауарды ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес 10-таңбалы кодқа жатқызу, ал Кодексте көзделген жағдайларда кедендік және өзге де төлемдерді есептеу мақсаттары үшін тауар кодын ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес кемінде бірінші 4 таңба деңгейінде анықтауға жол берілген кезде – тауарды ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес кемінде алғашқы 4 белгі деңгейінде тауар кодына жатқызу үшін қажетті тауарлар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де мәліметтер КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында, ал қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де 1 – 4 деген нөмірлермен мынадай тәртіппен көрсетіледі.

1 деген нөмірмен (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) мыналар:

тауардың атауы (тауардың сауда, коммерциялық немесе өзге дәстүрлі атауы);

тауардың сипаттамасы, егер тауар санаттарға (топтарға) бөлінбесе немесе өзіне тауардың сапалық және сандық құрамын немесе тауар санатын (тобын), өндірушінің атауын, тауар белгілері, маркасы, моделі, артикулы, сорты, стандарты туралы мәліметтерді, өзге де техникалық және коммерциялық сипаттамаларды, шығару (жасау) күнін (егер шығару (жасау) күні туралы мәліметтер тауарды сыныптау және (немесе) кедендік және өзге де төлемдерді есептеу үшін қажет болса), қосымша өлшем бірліктеріндегі, қосымша өлшем бірліктері болмаған кезде – негізгі өлшем бірлігіндегі бір санат (топ) тауарларының саны туралы мәліметтерді, өлшем бірліктері сыныптаушына сәйкес өлшем бірліктерінің шартты белгілері мен кодын қамтитын тауардың әрбір санатының (тобының) сипаттамасы көрсетіледі. Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де мұндай мәліметтер үтір арқылы көрсетіледі. Тауардың және тауардың әрбір санатының (тобының) сипаттамасы қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де жаңа жолдан көрсетіледі.

Жаңа жолдан 2 деген нөмірмен (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) мыналар:

кедендік және өзге де төлемдерді есептеу кезінде пайдаланылатын негізгі немесе қосымша өлшем бірліктерінен ерекшеленетін өлшем бірліктері мен тауардың саны, сипаттамасы немесе параметрі;

өлшем бірліктері сыныптаушына сәйкес өлшем бірлігінің шартты белгісі немесе кедендік баждарды, салықтарды есептеу кезінде пайдаланылатын қосымша сипаттамалар мен параметрлер сыныптаушына сәйкес тауардың қосымша сипаттамасының немесе параметрінің шартты белгісі;

өлшем бірліктері сыныптаушына сәйкес өлшем бірліктері коды немесе кедендік баждарды, салықтарды есептеу кезінде пайдаланылатын қосымша сипаттамалар мен параметрлер сыныптаушына сәйкес қосымша сипаттама немесе параметр коды көрсетіледі.

Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де мұндай мәліметтер "/" бөлгіш белгісі арқылы көрсетіледі.

Жаңа жолдан 3 деген нөмірмен (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) мұнай, мұнай өнімдері, газ өндірілген орынның атауы (егер мұндай мәліметтер ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауар кодын айқындауға әсер ететін болса) көрсетіледі

Жаңа жолдан 4 деген нөмірмен (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) акцизделетін тауарлардың таңбалануы туралы мәліметтер:

акциздік және (немесе) арнайы маркалардың сериясы (Беларусь Республикасынан басқа);

акциздік және (немесе) арнайы маркалардың нөмірлері көрсетіледі. Акциздік және (немесе) арнайы маркалардың қатарынан келетін нөмірлері туралы мәліметтер тиісті диапазонның бірінші және соңғы нөмірлерін қою арқылы көрсетіледі (Беларусь Республикасынан басқа). Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де мұндай нөмірлер "-" бөлгіш белгісі арқылы көрсетіледі;

акциздік және (немесе) арнайы маркалар саны көрсетіледі.

Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де мұндай мәліметтер "/" бөлгіш белгісі арқылы көрсетіледі. Акциздік және (немесе) арнайы маркалардың әрбір сериясы үшін мәліметтер жаңа жолдан көрсетіледі.

20. "№ тауар" деген 10-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанның бірінші кіші бөлімінде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) тауардың реттік нөмірі 1-ден бастап цифрлық тәсілмен көрсетіледі.

Халықаралық пошта жөнелтілімдері арқылы жіберілетін тауарларға қатысты кедендік және өзге де төлемдерді есептеу кезінде бағанның екінші кіші бөлімінде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) "ХПЖ" аббревиатурасы көрсетіледі. Өзге жағдайларда бағанның екінші кіші бөлімі (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасы) толтырылмайды.

21. "Тауар коды" деген 11-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың 10-таңбалы коды бос орынсыз, ал Кодексте көзделген жағдайларда кедендік және өзге де төлемдерді есептеу мақсаттары үшін тауар кодын ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес кемінде бірінші 4 таңба деңгейінде анықтауға жол берілген кезде – кеден органы ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес айқындаған тауар коды кемінде алғашқы 4 белгі деңгейінде көрсетіледі.

22. "Брутто (кг) салмағы" деген 12-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда кедендік және өзге де төлемдер есептелетін тауарлардың брутто массасы килограммен көрсетіледі. Брутто массасы деп тауардың айналымға түскенге дейінгі өзгермеуін қамтамасыз ету үшін қажетті орамалардың барлық түрлерін (контейнерлерді және басқа да көлік жабдықтарынан басқа) қоса алғанда, оның жалпы массасы түсініледі.

Аталған мән үтірден кейінгі 3 таңбаға дейін, егер тауардың жалпы массасы 1 граммнан аз болса - үтірден кейінгі 3 таңбаға дейін дөңгелектенеді.

23. "Шыққан елі коды" деген 13-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанның "а" кіші бөлімінде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес тауар шыққан елдің коды көрсетіледі, бұл туралы мәліметтер КБЕ-нің 9-бағанында көрсетіледі.

Егер кеден органында болатын құжаттарда тауарлардың шыққан нақты елі туралы емес, тауарлардың Еуропалық Одақтың аумағынан шыққаны туралы мәліметтер

қамтылған болса, латын әліпбиінің "EU" деген 2 әрпінен тұратын 2 таңбалы код көрсетіледі.

Егер тауардың шыққан жері белгісіз болса, кодтың орнына "00" деген цифрлар көрсетіледі.

Егер мәліметтері КБЕ-нің 9-бағанында көрсетілетін тауар әртүрлі елдерден (елдер тобынан, кеден одағы елдерінен, өңірінен немесе елдің бір бөлігінен) шыққан болса, "99" деген цифрлар көрсетіледі.

Бағанның "b" кіші бөлімі (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасы) толтырылмайды.

24. "Нетто салмағы (кг)" деген 14-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда кедендік және өзге де төлемдер есептелетін тауардың нетто массасы килограммен көрсетіледі.

Оралған түрдегі тауар үшін:

егер тұтынушылық қасиеттеріне орай мұндай орамадағы тауарлар бөлшек сауда үшін жеткізілетін және (немесе) тауардың сақталуын қамтамасыз ететін бастапқы орама тауардың тұтынушылық қасиеттерін бұзбай тұтыну үшін оны тауардан ажыратуға болмаса - тек қана бастапқы орамасы ескерілетін тауар массасы;

басқа жағдайларда – қандай да бір орамасы ескерілмейтін тауар массасы көрсетіледі

Орамасы болмайтын тауар үшін тауардың жалпы массасы көрсетіледі.

Аталған мән үтірден кейінгі 3 таңбаға дейін, егер тауардың жалпы массасы 1 граммнан аз болса - үтірден кейінгі 6 таңбаға дейін дөңгелектенеді.

25. "Алдындағы құжат" деген 15-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда алдындағы құжаттар туралы мынадай мәліметтер көрсетіледі:

Кодекстің 97-бабының 3-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуына байланысты кедендік және өзге де төлемдерді есептеу кезінде – тауарды Одақтың кедендік аумағынан әкетуге жол беретін құжаттар туралы (тауарларға арналған декларация, транзиттік декларация не өзге де құжат туралы);

Кодекстің 153-бабының 5-тармағында, 295-бабының 3 және 8-тармақтарында, 309-бабының 3-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуына байланысты кедендік және өзге де төлемдерді есептеу кезінде - транзиттік декларация көрсетіледі, оған сәйкес тауар кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылады;

Кодекстің 162-бабының 6-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуына байланысты кедендік және өзге де төлемдерді есептеу кезінде – тауарларға арналған декларация көрсетіледі, оған сәйкес тауар кеден қоймасы кедендік рәсімімен орналастырылады;

Кодекстің 241-бабының 3-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуына байланысты кедендік және өзге де төлемдерді есептеу кезінде - тауарларға арналған декларация көрсетіледі, оған сәйкес тауар кері экспорт кедендік рәсімімен орналастырылады;

Кодекстің 279-бабының 8-тармағында және 280-бабы 4-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуына байланысты кедендік және өзге де төлемдерді есептеу кезінде – халықаралық тасымалдың көлік құралын Одақтың кедендік аумағына әкелу және Одақтың кедендік аумағынан әкету кезінде оған қатысты берілетін көлік құралына арналған декларация көрсетіледі;

Кодекстің 284-бабы 4-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуына байланысты кедендік және өзге де төлемдерді есептеу кезінде – азыққор ретінде декларацияланатын (шығарылатын) шетелдік тауарларға қатысты берілетін тауарларға арналған декларация көрсетіледі;

Кодексте белгіленген мерзімде тауарларға арналған декларация берілгенге дейін өндірілген тауарларды шығаруға қатысты тауарларға арналған декларация берілмеген жағдайда кедендік және өзге де төлемдерді есептеу кезінде - тауарларға арналған декларация берілгенге дейін өндірілген тауарларды шығару туралы өтініш көрсетіледі;

Кодекстің 208-бабының 7-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуына байланысты кедендік және өзге де төлемдерді есептеу кезінде, кедендік және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндетті Кодекстің 208-бабы 3-тармағында көрсетілген тұлғалардың орындауы тиіс болғанда және егер мұндай міндеттер еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларға қатысты басталған болса - тауарларға арналған декларациялар көрсетіледі, оларға сәйкес мұндай шетелдік тауарлар еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылды;

Кодекстің 208-бабының 7-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуына байланысты кедендік және өзге де төлемдерді есептеу кезінде, кедендік және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндетті Кодекстің 208-бабы 3-тармағында көрсетілген тұлғалардың орындауы тиіс болғанда және егер мұндай міндеттер еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларға қатысты басталған болса және мұндай тауарларда Кодекстің 206-бабына сәйкес еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілген болса – тауарларға арналған декларациялар көрсетіледі, оларға сәйкес кедендік және өзге де төлемдер есептелетін тауарды дайындау үшін пайдаланылған шетелдік тауарлар еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылды.

Мәліметтер бағанында алдындағы бірнеше құжат туралы мәліметтер көрсетілген кезде олардың әрқайсысы туралы мәліметтер қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де жаңа жолдан, ал Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де – КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетіледі.

Бағанда қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де "/" бөлгіш белгісі арқылы, ал Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де – КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында алдындағы құжат (алдындағы құжаттар) туралы мынадай мәліметтер көрсетіледі:

жолдың реттік нөмірі;

алдындағы құжаттың коды (09035 - тауарларға арналған декларациялар үшін, 09013 - транзиттік декларация үшін, 09036 - көлік құралына арналған декларация үшін, 09037 - тауарларға арналған декларация берілгенге дейін өндірілген тауарларды шығару туралы өтініш үшін, 09999 - өзге де құжат үшін);

алдындағы құжаттың тіркеу нөмірі;

алдындағы құжатта көрсетілген кедендік және өзге де төлемдер есептелетін тауардың реттік нөмірі (32-баған тауарларға арналған декларацияның, транзиттік декларацияның, өзге де құжаттың тиісті бағаны (болған кезде)).

26. "Қосымша өлшем бірліктері" деген 16-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Егер ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауарға қатысты қосымша өлшем бірлігі қолданылса, бағанда мәліметтері КБЕ-нің 9-бағанында көрсетілген қосымша өлшем бірлігіндегі тауар саны көрсетіледі. Бұдан әрі "/" бөлгіш белгісі арқылы қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де, ал Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де - КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында қосымша өлшем бірлігінің шартты белгісі мен коды өлшем бірліктерінің сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

Қосымша өлшем бірлігіндегі тауар саны:

Армения Республикасында, Беларусь Республикасында, Қырғыз Республикасында және Ресей Федерациясында - үтірден кейінгі 2 таңбаға дейінгі, егер қосымша өлшем бірлігіндегі тауар саны 0,01-ден аз болса - үтірден кейінгі 6 таңбаға дейінгі дәлдікпен;

Қазақстан Республикасында - үтірден кейінгі 6 таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

27. "Кедендік құн" деген 17-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда Кодекске және Одақтың құқығына кіретін актілерге сәйкес айқындалған кедендік және өзге де төлемдер есептелетін тауардың кедендік құны Кеден органы КБЕ-ні толтыратын мүше мемлекеттің валютасында көрсетіледі.

Алынған кедендік құнның мәні математика ережелері бойынша үтірден кейінгі 2 таңбаға дейінгі дәлдікпен, ал Армения Республикасында – тұтас шамаға дейін дөңгелектенеді.

28. "Қосымша ақпарат, ұсынылған құжаттар" деген 18-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда кеден органында болатын құжаттар (оның ішінде кеден органдары жүргізілген кедендік бақылау нәтижесінде жасаған құжаттар) туралы мәліметтер көрсетіледі, олардың негізінде КБЕ толтырылады және олар КБЕ-нің 9-бағанда көрсетілген әрбір тауар туралы мәліметтерді растайды.

Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де "/" бөлгіш белгісі арқылы, ал Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де – КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында:

кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын құжаттар мен мәліметтер түрлері сыныптауышына сәйкес құжат түрінің коды;

құжаттың нөмірі және кк.аа.жжжжж форматындағы (күні, айы, күнтізбелік жыл) күні көрсетіледі

Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де әрбір құжат туралы мәліметтер жаңа жолдан көрсетіледі.

29. "Төлемдерді есептеу" деген 19-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда Кодекске сәйкес мәліметтері КБЕ-нің 9-бағанында көрсетілген тауарға қатысты кедендік және өзге де төлемдерді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі.

Кедендік және өзге де төлемдер сомасын есептеу негізгі жолдағы (негізгі жолдардағы) төлемнің әрбір түрі бойынша жеке-жеке жүргізіледі.

Бағанда, егер кедендік және өзге де төлемдер есептелетін тауарларға қатысты төлемнің бұл түрі бойынша ставка белгіленбесе не нөлдік ставка белгіленсе, төлем түрі бойынша мәліметтер көрсетілмейді.

Адвалорлық және арнайы құрамдастарды қосуды немесе бір құрамдасты екіншіден алуды көздейтін төлемнің аралас ставкасы қолданылған жағдайда, мұндай төлемді есептеу туралы мәліметтер қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де әрбір құрамдас бойынша жеке-жеке 2 жолда, ал Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де - КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында жеке-жеке көрсетіледі.

Бағанның кіші бөлімдерінде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) сандық және символдық мәндер бөлгішсіз (бос орынсыз) көрсетіледі.

"Түрі" деген кіші бөлімде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) өндіріп алынуы кеден органдарына жүктелген салық түрлері, алымдар және өзге де төлемдер сыныптауышына сәйкес төлем түрлерінің коды көрсетіледі.

"Есептеуге арналған база" деген кіші бөлімде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) халықаралық шарттар мен Одақтың құқығын құрайтын актілерге және (немесе) мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындалатын төлемді есептеуге арналған база көрсетіледі.

Егер төлемді есептеуге арналған база ақша бірліктерінде көрсетілген болса, мәні төлем ставкасы белгіленген бірліктерде көрсетіледі және математика ережелері бойынша:

Армения Республикасында – тұтас шамаға;

Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында, Қырғыз Республикасында және Ресей Федерациясында - үтірден кейінгі 2 таңбаға дейінгі дәлдікпен дөңгелектенеді.

Егер төлемді есептеуге арналған база ақшалай бірліктерде емес, басқаша білдірілсе, мәні төлем ставкасы белгіленген бірліктерде көрсетіледі және математика ережелері бойынша:

Армения Республикасы мен Беларусь Республикасында - үтірден кейінгі 2 таңбаға дейінгі дәлдікпен дөңгелектенеді. Егер үтірден кейінгі 2 таңбаға дейінгі дәлдікпен ақшалай бірліктерде емес, басқаша білдірілген төлемді есептеуге арналған базаның

мәндері туралы мәліметтер болмаса, үтірден кейін нөлдер қойылады. Егер төлемді есептеуге арналған базаның мәндерін дөңгелектеу 0,10-нан аз мәнге әкеп соқса және бұл ретте осындай төлемнің ставкасы белгіленген бірліктердегі тауарлар саны туралы неғұрлым нақты мәліметтер болса, төлемді есептеуге арналған базаның мәнін дөңгелектеу үтірден кейінгі 4 таңбаға дейінгі дәлдікпен жүзеге асырылады. Егер үтірден кейінгі 4 таңбаға дейінгі дәлдікпен акшалай бірліктерде емес, басқаша білдірілген төлемді есептеуге арналған базаның мәндері туралы мәліметтер болмаса, төртінші бөлімде үтірден кейін "0" цифры қойылады;

Қазақстан Республикасында, Қырғыз Республикасында және Ресей Федерациясында – егер төлемді есептеуге арналған база масса бірліктерінде көрсетілсе, тауардың жалпы массасына қарамастан үтірден кейін 6 таңба және өзге жағдайларда – үтірден кейін 2 таңбаға қойылады. Егер үтірден кейінгі 2 таңбаға дейінгі дәлдікпен акшалай бірліктерде және масса бірліктерінде емес, басқаша білдірілген төлемді есептеуге арналған базаның мәндері туралы мәліметтер болмаса, үтірден кейін нөлдер қойылады.

Егер кедендік әкелу баждары, халықаралық тасымалдаудың уақытша әкелінген көлік құралдарына қатысты салықтар Кодекстің 279-бабының 11 және 12-тармақтарында көзделген мөлшерде есептелсе, "Есептеуге арналған база" деген кіші бөлімде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастыру кезінде төлеуге жататын төлем сомасы көрсетіледі.

"Ставка" деген кіші бөліме (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) төлем ставкасының белгіленген мөлшері көрсетіледі.

Егер кедендік әкелу баждары, халықаралық тасымалдаудың уақытша әкелінген көлік құралдарына қатысты салықтар Кодекстің 279-бабы 11 және 12-тармақтарында көзделген мөлшерде есептелсе, "Ставка" деген кіші бөлімде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) 3 пайыз мөлшеріндегі ставка және "х" белгісі арқылы тауарлар кедендік әкелу баждары, салықтар ішінара төленіп уақытша әкелу (жол беру) кедендік рәсімімен орналастырылғандай кедендік әкелу баждары, салықтар төленуге жататын, Кодекстің 279-бабының 11 және 12-тармақтарына сәйкес айқындалатын кезеңнің толық және толық емес күнтізбелік айларының саны көрсетіледі.

"Сомасы" деген кіші бөлімде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) төленуге тиіс төлем сомасы көрсетіледі. Мәні математика ережелері бойынша:

Армения Республикасында – тұтас шамаға;

Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында, Қырғыз Республикасында және Ресей Федерациясында - үтірден кейінгі 2 таңбаға дейінгі дәлдікпен дөңгелектенеді.

Шартты түрде шығарылған тауарларды пайдалану және (немесе) оларға иелік ету жөніндегі шектеулермен ұштасатын, кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеу

жөніндегі жеңілдіктер қолданылған тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды есептеу кезінде Кодекстің 241-бабының 3-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуына байланысты:

бағанда кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктердің қолданылуына байланысты ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығару кезінде төленбеген кедендік әкелу баждарын, салықтарды есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

егер кері экспорт кедендік рәсімімен орналастыру кезінде тауарларға арналған декларацияның 40-бағанында тауарларға арналған бірнеше декларациялардың тіркеу нөмірлері туралы мәліметтер көрсетілген болса, кедендік әкелу баждарын, салықтарды есептеу туралы мәліметтер тауарларға арналған осындай декларацияларға сәйкес бұрын ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың әрқайсысына қатысты, қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де жеке-жеке жолдармен, ал электрондық құжат түріндегі КБЕ-де – КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетіледі. Бұл ретте "Түрі" деген кіші бөлімде төлем түрінің кодынан кейін "/" бөлгіш белгісі арқылы қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де, ал электрондық құжат түріндегі КБЕ-де - КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылған, кедендік әкелу баждары, салықтар есептелген тауарлардың тауарларға арналған декларацияда тіркеу нөмірі көрсетілген КБЕ-нің 15-бағанында көрсетілген тауарларға арналған декларацияның 40-бағанындағы жолдың реттік нөмірі және тауарларға арналған осындай декларациядағы тауардың реттік нөмірі көрсетіледі.

Кодекстің 241-бабының 3-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуына байланысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын кедендік аумақта қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды қайта өңдеу өнімдеріне қатысты есептеу кезінде:

бағанда кедендік аумақта қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастырылған және қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормаларына сәйкес қайта өңдеу өнімдерін дайындау үшін пайдаланылған шетелдік тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

егер кері экспорт кедендік рәсімімен орналастыру кезінде тауарларға арналған декларацияның 40-бағанында тауарларға арналған бірнеше декларациялардың тіркеу нөмірлері туралы мәліметтер көрсетілген болса, кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу туралы мәліметтер тауарларға арналған осындай декларацияларға сәйкес бұрын кедендік аумақта қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың әрқайсысына қатысты, қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де жеке-жеке жолдармен, ал электрондық құжат түріндегі КБЕ-де – КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетіледі. Бұл ретте "

Түрі" деген кіші бөлімде төлем түрінің кодынан кейін "/" бөлгіш белгісі арқылы қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де, ал электрондық құжат түріндегі КБЕ-де - КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында кедендік аумақта қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастырылған, кедендік әкелу баждары, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары есептелген қайта өңдеу өнімдерін дайындау үшін пайдаланылған шетелдік тауарлардың тауарларға арналған декларацияда тіркеу нөмірі көрсетілген КБЕ-нің 15-бағанында көрсетілген тауарларға арналған декларацияның 40-бағанындағы жолдың реттік нөмірі және тауарларға арналған осындай декларациядағы тауардың реттік нөмірі көрсетіледі.

Кодекстің 208-бабының 7-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуына байланысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу кезінде, кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндетті Кодекстің 208-бабының 3-тармағында көрсетілген тұлғалардың орындауы тиіс болғанда және егер мұндай міндеттер еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларға қатысты басталған болса және мұндай тауарларда Кодекстің 206-бабына сәйкес еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілген болса:

бағанда еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды дайындау үшін пайдаланылған шетелдік тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

егер КБЕ-нің 15-бағанында тауарларға арналған бірнеше декларациялардың тіркеу нөмірлері туралы мәліметтер көрсетілген болса, кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу туралы мәліметтер тауарларға арналған осындай декларацияларға сәйкес бұрын еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың әрқайсысына қатысты, қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де жеке-жеке жолдармен, ал электрондық құжат түріндегі КБЕ-де – КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетіледі. Бұл ретте "Түрі" деген кіші бөлімде төлем түрінің кодынан кейін "/" бөлгіш белгісі арқылы қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де, ал электрондық құжат түріндегі КБЕ-де - КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында КБЕ-нің 15-бағанындағы жолдың реттік нөмірі көрсетіледі, оған сәйкес еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды дайындау үшін пайдаланылған шетелдік тауарлар еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылды және тауарларға арналған осындай декларациядағы тауардың реттік нөмірі көрсетіледі.

30. "Төлемнің (өндіріп алудың) егжей-тегжейлігі" деген 20-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда КБЕ-де кедендік және өзге де төлемдер есептелген барлық тауарлар үшін нақты төленген (өндіріп алынған) кедендік және өзге де төлемдер сомалары туралы, сондай-ақ өсімпұл, пайыздар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Кедендік және өзге де төлемдер, өсімпұлдар, пайыздар сомалары математика ережелері бойынша:

Армения Республикасы мен Қазақстан Республикасында – тұтас шамаға;

Беларусь Республикасында, Қырғыз Республикасында және Ресей Федерациясында - үтірден кейінгі 2 таңбаға дейін дөңгелектенеді.

Кедендік және өзге де төлемдерді, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу (өндіріп алу) туралы мәліметтер олардың төленгенін (өндіріп алынғанын) растайтын құжаттар бөлінісінде кедендік және өзге де төлемдердің, өсімпұлдардың, пайыздардың әрбір түрі бойынша жеке-жеке көрсетіледі. Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-ні толтыру кезінде мұндай мәліметтер жеке-жеке жолдармен көрсетіледі, барлық элементтер өзара "-" тире белгісімен бөлінеді, элементтер арасында бос орын болмайды. Электрондық құжат түріндегі КБЕ-ні толтыру кезінде мәліметтер КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетіледі.

Кедендік және өзге де төлемдерді, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу (өндіріп алу) туралы мәліметтер мынадай схема бойынша қалыптастырылады:

1-элемент - өндіріп алынуы кеден органдарына жүктелген салық түрлері, алымдар және өзге де төлемдер сыныптауышына сәйкес төлем түрінің коды;

2-элемент – төленген (өндіріп алынған) төлем, өсімпұлдар, пайыздар сомасы;

3-элемент - төлемді, өсімпұлдарды пайыздарды төлеу (өндіріп алу) валютасының валюталар сыныптауышына сәйкес цифрлық коды;

4-элемент - төлемнің, өсімпұлдардың, пайыздардың төленгенін растайтын құжаттың нөмірі;

5-элемент - Армения Республикасында, Қазақстан Республикасында, Қырғыз Республикасында және Ресей Федерациясында - төлемнің, өсімпұлдардың, пайыздардың төленгенін растайтын құжаттың кк.аа.жжжж форматындағы (күн, ай, күнтізбелік жыл) датасы, Беларусь Республикасында – төлеу (өндіріп алу) датасы төлемнің, өсімпұлдардың, пайыздардың төленгенін (өндіріп алынғанын) растайтын құжат бойынша төлемді, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуының кк.аа.жжжж форматындағы датасы (күн, ай, күнтізбелік жыл);

6-элемент - өндіріп алынуы кеден органдарына жүктелген төлемді, өсімпұлдарды, пайыздарды кедендік және өзге де төлемдерді төлеу тәсілдері сыныптауышына сәйкес төлеу тәсілі;

7-элемент - Беларусь Республикасы мен Қазақстан Республикасында кедендік және өзге де төлемдерді, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеген немесе ақша қаражаты (ақша),

өзге де мүлік не кедендік және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуге берілгеннің есебінен оларды өндіріп алған тұлға туралы мәліметтер. Бұл ретте мынадай мәліметтер:

Беларусь Республикасында – төлеушінің есепке алу нөмірі (ТЕН) (дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаны қоспағанда) не жеке тұлғаның сәйкестендіру нөмірі (болған кезде);

Қазақстан Республикасында – ұйым (филиал және өкілдік) және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) не жеке тұлға үшін, оның ішінде қызметін дара кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) болып табылады.

Егер кедендік және өзге де төлемдерді, өсімпұлдарды, пайыздарды төлеген немесе ақша қаражаты (ақша), өзге де мүлік не кедендік және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуге берілгеннің есебінен оларды өндіріп алған тұлға ретінде шетелдік тұлға, сондай-ақ Кеден органы КБЕ-ні толтыратын мүше мемлекеттен өзге мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген тұлға әрекет етсе, 7-элемент толтырылмайды.

Армения Республикасында, Қырғыз Республикасында және Ресей Федерациясында 7-элемент толтырылмайды.

31. "Төленуге (өндіріп алынуға жататын жалпы сома)" деген 21-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда КБЕ-де кедендік және өзге де төлемдер есептелген барлық тауарлар үшін төленуге жататын кедендік және өзге де төлемдердің жалпы сомасы, сондай-ақ Кодекске және (немесе) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес төленуге жататын есептелген өсімпұлдар, пайыздар сомасы көрсетіледі. Мұндай мәліметтер төлемнің әрбір түрі бойынша жеке-жеке көрсетіледі.

"Түрі" деген кіші бөлімде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) төлем түрінің коды өндіріп алынуы кеден органдарына жүктелген салық түрлері, алымдар және өзге де төлемдер сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

"Есептеуге арналған база" және "Ставка" деген кіші бөлімдер (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамалары) төленуге жататын кедендік және өзге де төлемдердің жалпы сомасы туралы мәліметтер көрсетілген кезде, толтырылмайды.

Есептелген өсімпұлдар, пайыздар сомалары туралы мәліметтер көрсетілген кезде, "Есептеуге арналған база" деген кіші бөлімде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) өсімпұлдар, пайыздар есептелген төлем сомасы көрсетіледі, ал "Ставка" деген кіші бөлімде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) үтірден кейінгі 2 таңбаға дейінгі дәлдікпен қайта қаржыландыру ставкасының (негізгі ставканың, есепке алу ставкасының) мөлшері және "x" белгісі арқылы - өсімпұлдар, пайыздар есептелетін кезеңдегі күндер саны көрсетіледі.

"Сомасы" деген кіші бөлімде (КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында) төлемнің тиісті түрлері бойынша КБЕ-нің 19-бағандарында көрсетілген сомаларды қосу арқылы алынған төлем сомасы, ал өсімпұлдардың, пайыздардың есептелген сомасы туралы мәліметтер көрсетілген кезде - өсімпұлдардың, пайыздардың есептелген сомасы көрсетіледі.

32. "Т.А.Ә. және лауазымы" деген 22-баған мынадай тәртіппен толтырылады.

Бағанда КБЕ-ні толтырған кеден органы лауазымды адамының тегі, инициалы және лауазымы көрсетіледі.

КБЕ-де көрсетілген мәліметтер қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де бағанда кеден органы лауазымды адамының қолы қойылып расталады.

33. КБЕ-нің 5 және 6-бағандарында шетелдік ұйым туралы мәліметтер қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де КБЕ-нің тиісті бағанында жеке-жеке жолмен, ал Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де – КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетілген кезде мыналар көрсетіледі:

1) ұйымның қысқаша атауы;

2) ұйымның тұрған жері (Осы Тәртіптің 38-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі);

3) Қазақстан Республикасы үшін – кедендік сәйкестендіру нөмірлерді қалыптастыру сыныптауышына сәйкес ұйымның кедендік сәйкестендіру нөмірі;

4) ұйымның байланыс үшін дерекнамалары (осы Тәртіптің 41-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі).

34. КБЕ-нің 5 және 6-бағандарында шетелдік жеке тұлға туралы мәліметтер қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де КБЕ-нің тиісті бағанында жеке-жеке жолмен, ал Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де – КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетілген кезде мыналар көрсетіледі:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде);

2) жеке тұлғаның тұрғылықты жері (осы Тәртіптің 38-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі);

3) Қазақстан Республикасы үшін – кедендік сәйкестендіру нөмірлерді қалыптастыру сыныптауышына сәйкес жеке тұлғаның кедендік сәйкестендіру нөмірі (КСН);

4) жеке басты куәландыратын құжат (осы Тәртіптің 39-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі);

5) Армения Республикасы үшін – қоғамдық көрсетілетін қызметтердің нөмірлік белгісі (ҚКНБ) немесе мұндай белгінің болмауы туралы анықтаманың нөмірі, өзге де мүше мемлекеттер үшін - сәйкестендіру нөмірі (болған кезде);

6) жеке тұлғаның байланыс үшін дерекнамалары (осы Тәртіптің 41-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі).

35. КБЕ-нің 5 және 6-бағандарында заңды тұлға, ұйым туралы мәліметтер қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де КБЕ-нің тиісті бағанында жеке-жеке жолмен, ал

Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де – КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетілген кезде мыналар көрсетіледі:

- 1) заңды тұлғаның, ұйымның қысқаша атауы;
- 2) заңды тұлғаның, ұйымның тұрған жері (осы Тәртіптің 38-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі);
- 3) заңды тұлғаның, ұйымның салық нөмірі (осы Тәртіптің 40-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі);
- 4) Қазақстан Республикасы үшін – кедендік сәйкестендіру нөмірлерді қалыптастыру сыныптауышына сәйкес заңды тұлғаның, ұйымның кедендік сәйкестендіру нөмірі (КСН), Қырғыз Республикасы үшін – Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы республикалық сыныптауышының (КҰЖС) коды, Ресей Федерациясы үшін – негізгі мемлекеттік тіркеу нөмірі (НМТН);
- 5) заңды тұлғаның, ұйымның байланыс үшін дерекнамалары (осы Тәртіптің 41-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі).

36. КБЕ-нің 5 және 6-бағандарында мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға (бұдан әрі – дара кәсіпкер) туралы мәліметтер қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де КБЕ-нің тиісті бағанында жеке-жеке жолмен, ал Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де – КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетілген кезде мыналар көрсетіледі:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде);
- 2) жеке тұлғаның тұрғылықты жері (осы Тәртіптің 38-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі);
- 3) дара кәсіпкердің салық нөмірі (Осы Тәртіптің 40-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі);
- 4) Қазақстан Республикасы үшін – кедендік сәйкестендіру нөмірлерді қалыптастыру сыныптауышына сәйкес заңды тұлғаның, ұйымның кедендік сәйкестендіру нөмірі (КСН), Қырғыз Республикасы үшін – Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы республикалық сыныптауышының (КҰЖС) коды, Ресей Федерациясы үшін – негізгі мемлекеттік тіркеу нөмірі (ДКНМТН);
- 5) жеке тұлғаның байланыс үшін дерекнамалары (осы Тәртіптің 41-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі).

37. КБЕ-нің 5 және 6-бағандарында мүше мемлекетте тұрақты тұрғылықты жері бар және дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға туралы мәліметтер қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де КБЕ-нің тиісті бағанында жеке-жеке жолмен, ал Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де – КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетілген кезде мыналар көрсетіледі:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде);
- 2) жеке тұлғаның тұрғылықты жері (Осы Тәртіптің 38-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі);

3) жеке тұлғаның жеке басты куәландыратын құжаты (осы Тәртіптің 39-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі);

4) жеке тұлғаның салық нөмірі (Беларусь Республикасынан басқа) (Осы Тәртіптің 40-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі);

5) Қазақстан Республикасы үшін – кедендік сәйкестендіру нөмірлерді қалыптастыру сыныптаушына сәйкес заңды тұлғаның, ұйымның кедендік сәйкестендіру нөмірі (КСН), Армения Республикасы үшін – қоғамдық көрсетілетін қызметтердің нөмірлік белгісі (ҚКНБ) немесе мұндай белгінің болмауы туралы анықтаманың нөмірі, өзге де мүше мемлекеттер үшін - сәйкестендіру нөмірі (болған кезде);

6) жеке тұлғаның байланыс үшін дерекнамалары (осы Тәртіптің 41-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі).

38. Тұрғылықты жері немесе тұрған жері туралы мәліметтер қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де КБЕ-нің тиісті бағанында үтір арқылы жеке-жеке жолмен, ал Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетіледі және мыналар қамтылады:

1) әлем елдерінің сыныптаушына сәйкес елдің қысқаша атауы;

2) әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс, аудан, өңір, штат, провинция және т.б.) (Қырғыз Республикасы үшін – Қырғыз Республикасында тұрақты тұрғылықты жері бар және дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға туралы мәліметтерді көрсеткен кезде - әкімшілік-аумақтық объектілер мен аумақтық бірліктерді белгілеу жүйесінің мемлекеттік сыныптаушына (ӘАББЖ БС) сәйкес әкімшілік-аумақтық бірлік коды);

3) елді мекен;

4) көше (бульвар, даңғыл және т.б.);

5) үйдің нөмірі;

6) корпустың (құрылыстың) нөмірі;

7) пәтердің (бөлменің, кеңсенің) нөмірі.

39. жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де КБЕ-нің тиісті бағанында үтір арқылы жеке-жеке жолмен, ал Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетіледі және мыналар қамтылады:

1) жеке басты куәландыратын құжатты берген уәкілетті орган елінің коды;

2) құжаттың атауы (Ресей Федерациясы үшін);

3) құжаттың сериясы мен нөмірі;

4) құжаттың кк.аа.жжжж форматындағы (күн, ай, күнтізбелік жыл) берілген датасы.

40. Салық нөмірі деп мыналар түсініледі:

Армения Республикасында – салық төлеушінің есепке алу нөмірі (СЕН);

Беларусь Республикасында - төлеушінің есепке алу нөмірі (ТЕН);

Қазақстан Республикасында - ұйым (филиал және өкілдік) және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін бизнес-сәйкестендіру нөмірі (

БСН) не жеке тұлға үшін, оның ішінде қызметін дара кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);

Қырғыз Республикасында - заңды тұлға немесе дара кәсіпкер үшін салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі (ССН) не Қырғыз Республикасының аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға үшін дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН);

Ресей Федерациясында – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (ССН), заңды тұлға үшін – сонымен бірге есепке қою себебінің коды (ЕСК) (заңды тұлғаның оқшауланған кіші бөлімі үшін оқшауланған кіші бөлімнің тұрған жері бойынша берілген ЕСК қойылады). Есепке қою себебінің коды (ЕСК) қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де "/" бөлгіш белгісі арқылы, ал Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де – КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетіледі.

41. Тұлғаның байланыс үшін дерекнамалары туралы мәліметтер қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-нің тиісті бағанында жеке жолмен үтір арқылы, ал Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де – КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетіледі және онда мыналар қамтылады:

- 1) байланыс түрінің атауы (телефон, факс, электрондық пошта және т.б.);
- 2) байланыс арнасын сәйкестендіргіш (телефон, факс нөмірі, электрондық поштаның мекенжайы және т.б.).

III. КБЕ-ге өзгерістер (толықтырулар) енгізу

42. КБЕ-де көрсетілген мәліметтер мынадай жағдайларда:

- 1) кейіннен тауарлар туралы нақты мәліметтер анықталған кезде;
- 2) кедендік және өзге де төлемдерді төлеу (өндіріп алу) кезінде;
- 3) кедендік және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндет тоқтатылатын, кедендік және өзге де төлемдерді төлеу және (немесе) оларды өндіріп алу жөніндегі міндетті орындаудан өзге міндеттер басталған кезде;
- 4) КБЕ-де есептелген кедендік және өзге де төлемдер кері қайтарылуға (есепке жатқызылуға) жататын міндеттер басталған;
- 5) Кодекске сәйкес жағдайларда белгіленген, кедендік және өзге де төлемдерді, өсімпұлдарды, пайыздарды өндіріп алу жөніндегі шаралар қолданылмайтын кезде;
- 6) кателер анықталған кезде өзгертуге (толықтыруға) жатады.

43. КБЕ-ге өзгерістер (толықтырулар) енгізуді КБЕ-ні толтырған кеден органы осындай өзгерістер (толықтырулар) енгізу үшін негіз басталған күннен бастап 10 жұмыс күнінен, ал кедендік және өзге де төлемдерді төлеуге (өндіріп алуға) байланысты өзгерістер (толықтырулар) енгізілген жағдайда – төленген (өндіріп алынған) кедендік және өзге де төлемдер сомалары Кодекске сәйкес айқындалған шоттарға келіп түскен айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктермей жүзеге асырады.

44. КБЕ-ге өзгерістер (толықтырулар) енгізу жаңа КБЕ-ні толтыру арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте КБЕ-нің тиісті бағандарына енгізілген өзгерістер (толықтырулар) ескеріле отырып, өзгерістер (толықтырулар) енгізілетін КБЕ-ден барлық мәліметтер ауыстырылады.

КБЕ-ге өзгерістер (толықтырулар) енгізілген кезде, "А", 8, 9, 12, 14 және 16 – 20-бағандар осы Тәртіптің 45 – 48-тармақтарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, толтырылады.


45. КБЕ-ге өзгерістер (толықтырулар) енгізілген кезде, жаңа КБЕ-нің "А" -бағаны мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып толтырылады.

Жаңа КБЕ-нің "А"-бағанында жаңа КБЕ-нің мынадай схема бойынша қалыптастырылған тіркеу нөмірі көрсетіледі:

1-элемент - өзгерістер (толықтырулар) енгізілетін КБЕ тіркеу нөмірінің алғашқы 3 элементі;

2-элемент - енгізілетін өзгерістердің (толықтырулардың) "02" нөмірінен басталатын реттік нөмірі.

Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі жаңа КБЕ-нің "А"-бағанында жаңа КБЕ-нің тіркеу нөмірінің барлық элементтері "/" бөлгіш белгісі арқылы көрсетіледі, элементтер арасында бос орын қалдыруға болмайды.



(XXXXXXXXXX/XXXXXXXX/XXXX XXXX / XX
1 2)

Электрондық құжат түріндегі жаңа КБЕ-нің "А"-бағанында жаңа КБЕ-нің тіркеу нөмірінің барлық элементтері КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында көрсетіледі.

46. КБЕ-ге өзгерістер (толықтырулар) енгізілген кезде, жаңа КБЕ-нің 18-бағаны мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып толтырылады.

Жаңа КБЕ-нің 18-бағанына өзгерістер (толықтырулар) енгізілетін КБЕ-нің 18-бағанынан барлық мәліметтер ауыстырылады. Жаңа КБЕ-нің 18-бағанында КБЕ-ге енгізілетін өзгерістерді (толықтыруларды) растайтын құжаттар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Осы Тәртіптің 42-тармағының 3 және 4-тармақшаларында көрсетілген мән-жайлар басталған жағдайда, осындай мән-жайлардың басталғанын растайтын құжаттар туралы мәліметтер мынадай тәртіппен көрсетіледі.

Қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі КБЕ-де "/" бөлгіш белгісі арқылы, ал Электрондық құжат түріндегі КБЕ-де – КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында:

кедендік және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндет тоқтатылатын не мұндай төлемдер кері қайтарылуға (есепке жатқызылуға) жататын міндеттердің басталуын растайтын құжаттың коды (09026 – тауардың уақытша сақтауға орналастырылғанын растайтын құжат үшін, 09035 - тауарларға арналған декларациялар үшін, 09038 - шетелдік тауарлардың авария немесе еңсерілмес күш әсерінен жойылуы және (немесе) қайтарымсыз жоғалуы фактісін не тасудың (тасымалдаудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде бұл тауарлардың табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуы фактісін кеден органының мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тануын растайтын құжат үшін, 09039 – тауарлардың тәркіленгенін немесе мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес сол мүше мемлекеттің меншігіне (кірісіне) айналдырылғанын растайтын құжат үшін, 09040 - Кодекстің 51-тарауына сәйкес кеден органы кідіртіп ұстағанын растайтын құжат үшін, 09999 - өзге де құжат үшін);

құжаттың нөмірі мен кк.аа.жжжж форматындағы (күн, ай, күнтізбелік жыл) датасы; мән-жайлар сыныптауышына сәйкес мән-жайлар коды, мұнда кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндет тоқтатылады не мұндай төлемдер № 2 қосымшаға сәйкес кері қайтарылуға (есепке жатқызылуға) жатады;

мән-жайлар басталған тауарлар саны, мұнда кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндет тоқтатылады не мұндай төлемдер кері қайтарылуға жатады;

өлшем бірліктерінің сыныптауышына сәйкес мұндай тауарлардың саны көрсетілген өлшем бірілігінің шартты белгісі;

көрсетілген мән-жайлар басталған тауарлардың кедендік құны көрсетіледі.

47. КБЕ-ге өзгерістер (толықтырулар) енгізілген кезде, Осы Тәртіптің 42-тармағының 3 және 4-тармақшаларында көрсетілген мән-жайлардың басталуына байланысты жаңа КБЕ-нің 8, 9, 12, 14, 16, 17 және 19-бағандары мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып толтырылады.

Жаңа КБЕ-нің 8, 9, 12, 14, 16 және 17-бағандарында тауардың сипаттамасы, тауарлардың саны, салмағы және кедендік құны Осы Тәртіптің 42-тармағының 3 және 4-тармақшаларында көрсетілген мән-жайлардың басталуына қатысты тауарлардың сол бөлігінің саны, салмағы және кедендік құны ескерілместен көрсетіледі. Жаңа КБЕ-нің 19-бағанында кедендік және өзге де төлемдерді есептеу туралы мәліметтер аталған мән-жайлар басталмаған тауарлар бөлігіне қатысты көрсетіледі.

Егер Осы Тәртіптің 42-тармағының 3 және 4-тармақшаларында көрсетілген мән-жайлар мәліметтері КБЕ-нің 9-бағанында, 12, 14, 16 және 17-бағандарында, сондай-ақ 2-нөмірмен көрсетілген тауарлардың барлық санына қатысты басталса, қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі жаңа КБЕ-нің 9-бағанында, ал Электрондық құжат

түріндегі КБЕ-де - КБЕ құрылымының тиісті дерекнамасында "0" цифры көрсетіледі. Мұндай жағдайда кедендік және өзге де төлемдерді есептеу туралы мәліметтер жаңа КБЕ-нің 19-бағанда көрсетілмейді.

48. КБЕ-ге өзгерістер (толықтырулар) енгізілген кезде жаңа КБЕ-нің 20-бағаны мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып толтырылады.

Армения Республикасында, Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында және Қырғыз Республикасында жаңа КБЕ-нің 20-бағанына өзгерістер (толықтырулар) енгізілетін КБЕ-нің 20-бағанынан барлық мәліметтер ауыстырылады. Егер КБЕ-де көрсетілген мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) енгізілуіне байланысты жаңа КБЕ-нің 20-бағанында көрсетілген төленген (өндіріп алынған) төлемнің сомасы жаңа КБЕ-нің 21-бағанында көрсетілген осындай төлемнің сомасынан асып түссе, КБЕ-нің 21-бағанында көрсетілген сомадан асырып төленген (өндіріп алынған) төлем сомасы туралы мәліметтер төленген (өндіріп алынған) төлем жүргізілген құжаттарға сәйкес төлем құжаттары бөлінісінде "-" белгісімен көрсетіледі.

Осы Тәртіптің 42-тармағы 5-тармақшасында көзделген жағдайларда, жаңа КБЕ-нің 20-бағанында өндіріп алу жөніндегі шаралар қолданылмайтын төлем, өсімпұлдар, пайыздар сомасы туралы мәліметтер көрсетіледі. Мұндай мәліметтер кедендік және өзге де төлемдердің, өсімпұлдардың, пайыздардың әрбір түрі бойынша жеке-жеке көрсетіледі.

Өндіріп алу жөніндегі шаралар қолданылмайтын төлем, өсімпұлдар, пайыздар сомасы туралы мәліметтер мынадай схема бойынша қалыптастырылады:

1-элемент - өндіріп алынуы кеден органдарына жүктелген салық түрлері, алымдар және өзге де төлемдер сыныптауышына сәйкес төлем, өсімпұлдар, пайыздар түрінің коды;

2-элемент - өндіріп алу жөніндегі шаралар қолданылмайтын төлем, өсімпұлдар, пайыздар сомасы;

3-элемент - валюталар сыныптауышына сәйкес төлем валютасының цифрлық коды;

4-элемент - негізінде өндіріп алу жөніндегі шаралар қолданылмайтын құжаттың нөмірі;

5-элемент - негізінде өндіріп алу жөніндегі шаралар қолданылмайтын құжаттың кк.аа.жжжж форматындағы (күн, ай, күнтізбелік жыл) датасы;

6-элемент - кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын өндіріп алу жөніндегі шаралар қолданылмағанда, № 3 қосымшаға сәйкес жағдайлар сыныптауышына сәйкес жағдайлар коды.

Кедендік баждарды,
салықтарды, арнайы,
демпингке қарсы, өтемақы
баждарының есеп-қисабын
толтыру және осындай
есеп-қисапқа
өзгерістер (толықтырулар)

**Кеден органының кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы,
өтемақы баждарын есептеу жағдайларының
СЫНЫПТАУЫШЫ**

Код	Жағдайдың сипаттамасы
I. Тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізу (Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 56-бабы және 72-бабының 5-тармағы)	
0101	Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу кезінде Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізу
0102	Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тауарларды әкету кезінде Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізу
II. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 91-бабының 4-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуы	
0201	тауарларды келу орнына жеткізбеу
0203	кеден органы келу орнында сақтауға қоймастан немесе тауарларды шығармастан, тауарларды келу орнынан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағының қалған бөлігіне әкету
III. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 97-бабының 3-тармағында көрсетілген мән-жайдың басталуы	
0301	авария немесе еңсерілмес күш әсерінен жойылу және (немесе) қайтарымсыз жоғалу не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасын іс жүзінде кесіп өткенге дейін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан кетуі кезінде шетелдік тауарлардың жоғалуы
IV. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 103-бабының 4-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуы	
0401	авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, тасымалдаушы немесе тауарларды уақытша сақтауға орналастыру үшін құжаттарды ұсынған тауарларға қатысты өкілеттіктері бар өзге тұлға уақытша сақтауға орналастырған тауарлардың оларды уақытша сақтау коймасына орналастырғанға дейін жоғалуы немесе

	уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында оларды уақытша сақтауға өзге тұлғаның қабылдауы
0402	тасымалдаушы немесе тауарларды уақытша сақтауға орналастыру үшін құжаттарды ұсынған тауарларға қатысты өкілеттіктері бар өзге тұлға тауарларды уақытша сақтау қоймасына орналастырғанға дейін уақытша сақтауға орналастырылған тауарларды алушыға немесе өзге тұлғаға кеден органының рұқсатынсыз беру не уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында оларды уақытша сақтауға өзге тұлғаның қабылдауы
0403	авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында тауарларды уақытша сақтауды жүзеге асырушы тұлға уақытша сақтауға орналастырылған тауарлардың уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында оларды орналастырғанға дейін жоғалуы
0404	уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында тауарларды уақытша сақтауды жүзеге асырушы тұлғаның уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында тауарларды орналастырғанға дейін кеден органының рұқсатынсыз алушыға немесе өзге тұлғаға беруі
0405	авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, уақытша сақтау қоймасы иесінің не уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында тауарларды уақытша сақтауды жүзеге асырушы тұлғаның уақытша сақтау қоймасында немесе уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында сақталуда тұрған тауарларды жоғалтуы
0406	уақытша сақтау қоймасы иесінің не уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында тауарларды уақытша сақтауды жүзеге асырушы тұлғаның уақытша сақтау қоймасында немесе уақытша сақтау қоймасы болып табылмайтын орында сақталуда тұрған тауарларды кеден органының рұқсатынсыз алушыға немесе өзге тұлғаға беруі
0407	тауарлар алушының қоймасында сақталуда тұрған тауарларды уақытша сақтау мақсатына пайдаланбау
V. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 153-бабы 5-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуы	

0501	Тауарларды кеден органы белгілеген кедендік транзит мерзімінде жеткізу орнына жеткізбеу және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 151-бабының 12-тармағында көзделген жағдайларда кедендік транзит кедендік рәсімі қолданысының аяқталмауы
VI. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 162-баптың 6-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуы	
0601	авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, декларанттың тауарларды олар кеден қоймасына орналастырылғанға дейін жоғалтуы
0602	авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, егер тауарларды сақтау кедендік қоймада жүзеге асырылмаса, кеден қоймасы кедендік рәсімінің қолданылуы аяқталғанға дейін декларанттың тауарларды жоғалтуы немесе өзге адамға беруі
0603	тауарларды сақтау Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 155-бабы 4-тармағына сәйкес кедендік қоймада жүзеге асырылмаса, тауарларды сақтау орнынан тыс жерлерге әкету
0604	авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, кеден қоймасы иесінің тауарларды жоғалтуы
0605	кеден қоймасы кедендік рәсімінің қолданылуы аяқталғанын растайтын құжаттарды кеден қоймасы иесіне берместен, кеден қоймасынан тауарларды беру
VII. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 241-бабы 3-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуы	
0701	кері экспорт кедендік рәсімімен орналастырылған, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 126-бабы 1-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген шартты түрде шығарылған тауарлар болып табылмайтын шетелдік тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 240-бабы 2-тармағында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетпеу
	кері экспорт кедендік рәсімімен орналастырылған, кедендік аумақта қайта өңдеудің кедендік рәсімімен

0702	орналастырылған, тауарларды қайта өңдеу өнімдері болып табылатын шетелдік тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 240-бабы 2-тармағында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетпеу
0703	кері экспорт кедендік рәсімімен орналастырылған, кері экспорт кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардың өзге де санаттарын Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 240-бабы 2-тармағында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетпеу
VIII. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден мән-жайлардың басталуы	
0801	Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 275-бабы 5, 7 және 8-тармақтарында көрсетілген жағдайлардағы осындай тасымалдауды қоспағанда, халықаралық тасымалдаудың уақытша әкелінген көлік құралдарын ішкі тасымалдау үшін пайдалану
0802	халықаралық тасымалдаудың уақытша әкелінген көлік құралдарын техникалық қызмет көрсету, жөндеу және (немесе) сақтау үшін не халықаралық тасымалдаудың уақытша әкелінген көлік құралын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету арқылы тасымалдау операциясын аяқтау мақсатында беруді, сондай-ақ халықаралық тасымалдаудың уақытша әкелінген теміржол көлік құралын және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 275-бабы 9-тармағында көзделген жағдайларда теміржол көлік құралдарында тасымалданатын контейнерлерді беруді қоспағанда, халықаралық тасымалдаудың уақытша әкелінген көлік құралдарын өзге тұлғаларға беру, оның ішінде жалға беру (қосалқы жалға беру)
0803	авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, халықаралық тасымалдаудың уақытша әкелінген көлік құралдарын жоғалту
IX. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 280-бабының 4-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуы	
0901	Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып табылатын халықаралық тасымалдаудың уақытша әкелінген көлік құралдарын жоғалту
	Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып табылатын уақытша әкелінген халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарын Еуразиялық

0902	экономикалық одақтың Кеден кодексінің 276-бабының 5-тармағына сәйкес экспорт кедендік рәсіміне орналастырмай шетелдік тұлғаға осы көлік құралдарына меншік құқығын беру
X. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 284-бабының 4-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуы	
1001	авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, керек-жарақтар ретінде декларацияланатын (шығарылған) шетелдік тауарларды жоғалту
1002	керек-жарақтар ретінде декларацияланатын (шығарылған) шетелдік тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 39-тарауында көзделмеген мақсаттарда пайдалану
XI. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 288-бабының 4-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуы	
1101	авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, халықаралық пошта жөнелтілімдерін жоғалту
1102	халықаралық пошта жөнелтілімдерін кеден органы халықаралық пошта жөнелтілімдерінде жіберілетін тауарларды шығарғанға дейін алушыға беру
XII. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 295-бабының 3 және 8-тармақтарында көрсетілген мән-жайлардың басталуы	
1201	Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 294-бабы 5-тармағының 1 және 2-тармақшаларына сәйкес құбырлжол көлігімен тасымалданатын шетелдік тауарларға қатысты кедендік транзиттің кедендік рәсімінің қолданысын аяқталмау
1202	Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 294-бабы 5-тармағының 1 және 2-тармақшаларына сәйкес құбырлжол көлігімен тасымалданатын Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларына қатысты кедендік транзиттің кедендік рәсімінің қолданысының аяқталмауы
XIII. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 309-бабы 3-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуы	
	кедендік транзит кедендік рәсіммен орналастырылған және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілген Еуразиялық экономикалық одақтың мүшелері болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтары арқылы

1301	Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағының бір бөлігінен Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағының басқа бөлігіне және (немесе) теңізден өткізілетін (тасымалданатын) Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын Одақтың кедендік аумағына әкелуді жүзеге асырмау
XIV. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінде белгіленген мерзімде тауарларға арналған декларация берілгенге дейін шығарылған тауарларға қатысты декларацияны тапсырмау	
1401	Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінде белгіленген мерзімде ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты декларацияны тапсырмау
XV. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 208-бабының 7-тармағында көрсетілген мән-жайлардың кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 208-бабының 7-тармағында көрсетілген тұлғалардың орындауына жататын жағдайларда басталуы	
1501	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 207-бабының 1-тармағының 3-тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарында көзделген жағдайларда, осындай тауарлар еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысы аяқталмай әкетілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, осындай тауарларға қатысты еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысы аяқталғанға дейін не Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайларда кеден органының рұқсатынсыз еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан әкету
1502	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 207-бабы 1-тармағының 3-тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарында көзделген жағдайларда, осындай тауарлар еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысы аяқталмай әкетілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілген болса, осындай тауарларға қатысты еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысы аяқталғанға дейін не Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайларда кеден органының рұқсатынсыз еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан әкету
	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларды Еуразиялық экономикалық

1503	одақтың Кеден кодексінің 207-бабы 1-тармағының 3-тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарында көзделген жағдайларда, осындай тауарлар еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысы аяқталмай әкетілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, осындай тауарларға қатысты еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысы аяқталғанға дейін не Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайларда кеден органының рұқсатынсыз еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан әкету
1504	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабының 8, 10 және 11-тармақтарына сәйкес осындай тауарларды беруді қоспағанда, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысын аяқтамастан өзге тұлғаға беру
1505	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларды, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабының 8, 10 және 11-тармақтарына сәйкес осындай тауарларды беруді қоспағанда, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілген болса, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысын аяқтамастан өзге тұлғаға беру
1506	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларды, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабының 8, 10 және 11-тармақтарына сәйкес осындай тауарларды беруді қоспағанда, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысын аяқтамастан өзге тұлғаға беру
1507	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 4-тармағының 1, 2, 4 және 5-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан әкетілген тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 5-тармағының бірінші

	абзацына сәйкес кеден органы белгілеген мерзім өткенге дейін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағына қайтармау
1508	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 4-тармағының 1, 2, 4 және 5-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан әкетілген тауарларды, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілген болса, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 5-тармағының бірінші абзацына сәйкес кеден органы белгілеген мерзім өткенге дейін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағына қайтармау
1509	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 4-тармағының 1, 2, 4 және 5-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан әкетілген тауарларды, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 5-тармағының бірінші абзацына сәйкес кеден органы белгілеген мерзім өткенге дейін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағына қайтармау
1510	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 4-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген жағдайда, еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан әкетілген тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 5-тармағының екінші абзацына сәйкес кеден органы белгілеген мерзім өткенге дейін еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысын аяқтамау
1511	егер Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 4-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген жағдайда еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарлар әкетілген және бұл шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік

	<p>рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілген болса, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 5-тармағының екінші абзацына сәйкес кеден органы белгілеген мерзім өткенге дейін еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысын аяқтамау</p>
1512	<p>егер Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 4-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген жағдайда еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарлар әкетілген және бұл шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 5-тармағының екінші абзацына сәйкес кеден органы белгілеген мерзім өткенге дейін еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысын аяқтамау</p>
1513	<p>авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды жоғалту</p>
1514	<p>авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларды, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілген болса, жоғалту</p>
1515	<p>авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларды, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, жоғалту</p>
	<p>өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан және пайдалануға арналған сапасы пайдалану үшін жарамсыз болып қалған, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған және</p>

1516	<p>Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою үшін әкетілген тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою фактісін растайтын құжаттарды кеден органына белгілеген мерзімде ұсынбау</p>
1517	<p>өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан және пайдалануға арналған сапасы пайдалану үшін жарамсыз болып қалған, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою үшін әкетілген тауарларды, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілген болса, көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою фактісін растайтын құжаттарды кеден органына белгіленген мерзімде ұсынбау</p>
1518	<p>өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан және пайдалануға арналған сапасы пайдалану үшін жарамсыз болып қалған, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою үшін әкетілген тауарларды, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою фактісін растайтын құжаттарды кеден органына белгілеген мерзімде ұсынбау</p>
1519	<p>еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларға қатысты экспорт кедендік рәсімі тоқтатылған кезде еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағындағы көрсетілген тауарларға қатысты экспорт кедендік рәсімінің қолданысының тоқтатылуын қоспағанда, егер мұндай тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілген болса, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 210-бабына сәйкес</p>

	<p>Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары деп танылған, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларға қатысты экспорт кедендік рәсімінің қолданысын Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 139-бабы 5-тармағының үшінші абзацына сәйкес тоқтату</p>
1520	<p>еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларға қатысты экспорт кедендік рәсімі тоқтатылған кезде еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағындағы көрсетілген тауарларға қатысты экспорт кедендік рәсімінің қолданысының тоқтатылуын қоспағанда, егер мұндай тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 210-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары деп танылған, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларға қатысты экспорт кедендік рәсімінің қолданысын Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 139-бабы 5-тармағының үшінші абзацына сәйкес тоқтату</p>
<p>XVI. Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған), оларда мұндай шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 208-бабы 7-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуы (осындай мән-жайлардың басталуына байланысты кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндет Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 208-бабы 3-тармағында көрсетілген тұлғалардың орындауына жататын жағдайларды қоспағанда)</p>	
1601	<p>еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды және (немесе) еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан жасалған (алынған) тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 207-бабының 1-тармағының 3-тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарында көзделген жағдайларда, осындай тауарлар еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысы аяқталмай әкетілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, осындай тауарларға қатысты еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысы аяқталғанға дейін не Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайларда кеден органының рұқсатынсыз еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан әкету</p>

1602	<p>Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабының 8-10 және 11-тармақтарына сәйкес еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларды беруді қоспағанда, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, осындай тауарларды еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысын аяқтамастан өзге тұлғаға беру</p>
1603	<p>еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 4-тармағының 1, 2, 4 және 5-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан әкетілген тауарларды, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 5-тармағының бірінші абзацына сәйкес кеден органы белгілеген мерзім өткенге дейін еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағына қайтармау</p>
1604	<p>егер Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 4-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген жағдайда еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарлар әкетілген және бұл шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 205-бабы 5-тармағының екінші абзацына сәйкес кеден органы белгілеген мерзім өткенге дейін еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің қолданысын аяқтамау</p>
1605	<p>авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларды, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, жоғалту</p>

1606	өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан және пайдалануға арналған сапасы пайдалану үшін жарамсыз болып қалған, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою үшін әкетілген тауарларды, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою фактісін растайтын құжаттарды кеден органына белгілеген мерзімде ұсынбау
1607	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларға қатысты экспорт кедендік рәсімі тоқтатылған кезде еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағындағы көрсетілген тауарларға қатысты экспорт кедендік рәсімінің қолданысының тоқтатылуын қоспағанда, егер мұндай тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 210-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары деп танылған, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларға қатысты экспорт кедендік рәсімінің қолданысын Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 139-бабы 5-тармағының үшінші абзацына сәйкес тоқтату
XVII. Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған), мұндай шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 216-бабы 4-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталуы	
1701	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 215-бабы 1-тармағының 2-тармақшасында көзделген жағдайларда, осындай тауарлар еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысы аяқталмай әкетілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, осындай тауарларға қатысты еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысы аяқталғанға дейін не Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 213-бабының 5-тармағында көрсетілген жағдайларда кеден

	органының рұқсатынсыз еркін қойма аумағынан әкету
1702	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларды, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 213-бабының 9-тармағына сәйкес осындай тауарларды беруді қоспағанда, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, еркін қойма кедендік рәсімінің қолданысын аяқтамастан өзге тұлғаға беру
1703	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 213-бабы 5-тармағының 1 және 2-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда еркін қойма аумағынан әкетілген тауарларды, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 213-бабы 6-тармағының бірінші абзацына сәйкес кеден органы белгілеген мерзім өткенге дейін еркін қойма аумағына қайтармау
1704	егер Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 213-бабы 5-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген жағдайда еркін қойма аумағынан еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарлар әкетілген және бұл шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 213-бабы 6-тармағының үшінші абзацына сәйкес кеден органы белгілеген мерзім өткенге дейін еркін қойма рәсімінің қолданысын аяқтамау
1705	еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 213-бабы 5-тармағының 4-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда еркін қойма аумағынан әкетілген тауарларды, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 213-бабы 6

	-тармағының бірінші абзацына сәйкес кеден органы белгілеген мерзім өткенге дейін өзге де еркін қойма аумағында орналастырмау
1706	авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларды, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, жоғалту
1707	өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан және пайдалануға арналған сапасы пайдалану үшін жарамсыз болып қалған, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес еркін қойма аумағынан көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою үшін әкетілген тауарларды, егер мұндай шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларда еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою фактісін растайтын құжаттарды кеден органына белгіленген мерзімде ұсынбау
1708	еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларға қатысты экспорт кедендік рәсімі тоқтатылған кезде еркін қойма аумағындағы көрсетілген тауарларға қатысты экспорт кедендік рәсімінің қолданысының тоқтатылуын қоспағанда, егер мұндай тауарларда еркін қойма рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар сәйкестендірілмеген болса, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 218-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары деп танылған, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарларға қатысты экспорт кедендік рәсімінің қолданысын Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 139-бабы 5-тармағының үшінші абзацына сәйкес тоқтату
XVIII. Өзге жағдайлар	
1801	Кедендік баждар, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес тауарлардың шығарылуынан кейін басталған мән-жайларға байланысты төленуге жататын және тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды, арнайы,

демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеуші есептемеген өзге де жағдайлар

Кедендік баждарды,
салықтарды, арнайы,
демпингке қарсы, өтемақы
баждарының есеп-қисабын
толтыру және осындай
есеп-қисапқа
өзгерістер (толықтырулар)
енгізу тәртібіне
№ 2 ҚОСЫМША

Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндет тоқтатылатын не мұндай төлемдер кері қайтарылуға (есепке жатқызылуға) жататын мән-жайлардың СЫНЬПТАУЫШЫ

Код	Мән-жайлар сипаттамасы
01	Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес тауарларды кедендік рәсіммен орналастыру
02	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес кеден органдарының шетелдік тауарлардың авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінен жойылу және (немесе) қайтарымсыз жоғалу не қалыпты тасу (тасымалдау) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему салдарынан жойылу және (немесе) қайтарымсыз жоғалу фактісін тануы
03	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тауарларды тәркілеу немесе сол мүше мемлекеттің меншігіне (кірісіне) айналдыру
04	Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 51-тарауына сәйкес кеден органының тауарларды кідіртп ұстауы
05	қылмыс туралы хабарды тексеру барысында, қылмыстық іс бойынша немесе әкімшілік құқық бұзушылық (әкімшілік процесті жүргізу) туралы іс бойынша іс жүргізу барысында алып қойылған немесе қамаққа алынған және егер бұрын осындай тауарлардың шығарылмаған болса, оларды қайтару туралы шешім қабылданған тауарларды уақытша сақтауға орналастыру немесе кедендік рәсімдердің бірімен орналастыру
06	Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес көзделген өзге де мән-жайлардың басталуы

Кедендік баждардың,
салықтардың, арнайы,
демпингке қарсы, өтемақы
баждарының есеп-қисабын

толтыру және осындай
есеп-қисапқа
өзгерістер (толықтырулар)
енгізу тәртібіне
№ 3 ҚОСЫМША

**Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын
өндіріп алу жөніндегі шаралар қабылданбайтын жағдайлар
СЫНЫПТАУЫШЫ**

Код	Жағдайдың сипаттамасы
МӨ	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын өндіріп алуды жүзеге асыратын кеден органдары белгілеген кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын өндіріп алу мерзімінің өтіп кетуі
ӨҮ	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кедендік баждардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларын кеден органдары өндіріп алуды жүзеге асырған, өндіріп алынуы мүмкін болмаған бұл сомалардың өндіріп алуға үмітсіз деп танылуы
МЦ	Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу үшін валюта курсы пайдалану күніне қолданыста болатын валюта курсы бойынша жиынтығында 5 еуроға барабар сомадан аспайтын мөлшерде кедендік баждардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының біржолғы есеп-қисабында есептелген, кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлемеу фактісінің анықталуына байланысты кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің тоқтатылуы
КЖ	Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінде көзделген өзге де жағдайлар
БЖ	Еуразиялық экономикалық комиссия Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінде кедендік баждарға, салықтарға, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарына қатысты айқындайтын өзге жағдайлар
СЖ	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасында Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес кедендік баждарға, салықтарға, арнайы, демпингке

қарсы, өтемақы баждарына қатысты белгіленетін өзге де жағдайлар

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 7 қарашадағы
№ 137 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу НЫСАНЫ

Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу НЫСАНЫ						
негізгі парақ		1. КБЕ		А		
		2. Парақтар саны				
		3. Тауарлардың барлығы		4. Жағдай, төлеу мерзімі, ставканы қолдану күні		
5. Төлеуші		6. Ортақ, субсидиарлық міндеттемеде болатын тұлғалар				
		7. Шығарылған елі		8. Жалпы кедендік құны		
9. Тауарлардың сипаттамасы		10. Тауар №		11. Тауардың коды	12. Брутто салмағы	
				13. Шығарылған елінің коды		
				а	б	14. Нетто салмағы (кг)
		15. Алдындағы құжат				
		16. Қосымша өлшем бірліктері		17. Кедендік құны		
18. Қосымша ақпарат, ұсынылған құжаттар						
19. Төлемдерді есептеу				Төлемді (өндіріп алуды) нақты көрсету		
Түрі	Есептеуге арналған база	Ставка	Сома			
20. Төлеуге жататын жалпы сома						

Түрі	Есептеуге арналған база	Ставка	Сома	22. Т.А.Ә. және лауазымы
------	-------------------------	--------	------	--------------------------

ҚОСАЛҚЫ ПАРАҚ				1. КБЕ				А
				2. Парақтар саны				
9. Тауарлардың сипаттамасы		10. Тауар №		11. Тауардың коды				12. Брутто салмағы
				13. Шығарылған елінің коды				14. Нетто салмағы (кг)
				a		b		
				15. Алдындағы құжат				17. Кедендік құны
				16. Қосымша өлшем бірліктері				
18. Қосымша ақпарат, ұсынылған құжаттар								
9. Тауарлардың сипаттамасы		10. Тауар №		11. Тауардың коды				12. Брутто салмағы
				13. Шығарылған елінің коды				14. Нетто салмағы (кг)
				a		b		
				15. Алдындағы құжат				17. Кедендік құны
				16. Қосымша өлшем бірліктері				
18. Қосымша ақпарат, ұсынылған құжаттар								
9. Тауарлардың сипаттамасы		10. Тауар №		11. Тауардың коды				12. Брутто салмағы
				13. Шығарылған елінің коды				14. Нетто салмағы (кг)
				a		b		
				15. Алдындағы құжат				17. Кедендік құны
				16. Қосымша өлшем бірліктері				
18. Қосымша ақпарат, ұсынылған құжаттар								
19. Төлемдерді есептеу								
Түрі	Есептеуге арналған база	Ставка	Сома	Түрі	Есептеуге арналған база	Ставка а	Сома	
Түрі	Есептеуге арналған база	Ставка	Сома	22. Т.А.Ә. және лауазымы				

Ескерту: Осы есептеу нысаны қағаз жеткізгіштегі құжаттар үшін қолданылады.